

«Ақтобе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№45 «Алтын балы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Ақтобе қаласының білім бөлімі
2024 жылғы «19» 07
№ 100 бұйрығымен
БЕКІТІДІ



БАҒДАРЛАМА
«Сықырлы театр»
(ересек, мектепалды топ)

Ақтобе - 2024 жыл

Бағдарлама негізі: Әбішева А. «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері», Алматы: «Алматыкітап», 2002 ж.

Құрастырған: Турганбаева Асель Урынталиевна - музыка жетекшісі

№45 «Алтын бала» бөбекжайының педагогикалық кеңесі отырысында «Сиқырлы театр» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«27» 08 2024 жыл

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақпасының меңгерушісі:
Ш.Т. Жусупова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Сиқырлы театр» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2

«28» 08 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:

Ж.Б. Шалабаева



Ақтөбе қаласы МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының
музыка жетекшісі құрастырған 4-5 жастағы балаларға арналған «Сиқырлы
театр» бағдарламасына

ПІКІР

4-5 жастағы балаларға арналған «Сиқырлы театр» бағдарламасының мазмұны жалпы қабылданған тәлім-тәрбиені балалар бойында қалыптастыруға негізделген. Мектепке дейінгі тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Ал баланың жан - жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі. Қай бала болмасын ойынмен оседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті-ойын.

Театрлық ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады. Қазақ және басқа да халықтардың ертегілері мен әдеби шығармаларының мазмұны арқылы ер (күшті, батыр, қамқор) және әйел (мейірімді, нәзік, сұлу) адамдардың жеке қасиеттерін, жан-жануарлардың және құстардың қылықтарының ерекшеліктерін бағалауға, сахналауға үйренеді. Сондай-ақ сахнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелейді. Жағымды, жағымсыз әрекетерді ажырата білуге үйреніп өзі жамаан әдеттен аулақ болуға тырысады. Демек, өзі актер, өзі көрермен ролін атқарған бала «болашақта кім болам?» деген сауалға да жауап табады десек қателеспейміз.

Болашақ кішкентай бүлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерінің кейіпкер ретінде қалыптастырып отырудың маңызы зор.

Бағдарлама балалардың шығармашылық, актерлік, есте сақтау, назар аудару қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жонналған. Эстетикалық талғамдарын арттыруға, ұжымдық қатынаста жауапкершілікке тәрбиелеуге, балалардың көркем өнер қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рөлдерді ойнай білу машықтарын қалыптастыруға бағытталған. «Сиқырлы театр» бағдарламасы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында құрылған. Бағдарлама мазмұны балаларға театр қойылымдарын тез ұғынуларына бағытталған. Сатылап күрделенуіне байланысты балаларды сахналық қойылымға дағдыландыру көзделген. Аталған бағдарлама ересек, мектепшәлді топтың балаларына арналған.

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының
докторы



Р.Ж.Турбасова

Түсінік хат

Балаларға арналған көркем шығармалар - баланы шынайы болмыстағы нақты әрекеттерден тысқары тұрған шалқар кеңістіктегі сан алуан құбылыстар мен адамдар әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап, сонымен бірге баланың сөздік қорын молайтып, тілін дамытады. Көркем шығармалар бір-бірімен бірге, сан-алуан күйде қоршаған әлемді, дүниенің тұтас күшін танумен бірге, сан-алуан күйде ондағы заттармен құбылыстардан хабардар етеді. Мұндай шығармалар ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Театрландырылған ойындарға қатысу арқылы балалар адамдар, жануарлар, өсімдіктер өміріндегі әртүрлі оқиғалардың қатысушысына айналады, бұл оларға қоршаған әлемді тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен бір мезетте театрландырылған ойындар баланың туған мәдениетіне, әдебиетіне, театрға деген тұрақты қылағушылығын тәрбиелейді.

Бағдарламаның мақсаты:

Ойын, ертегілер арқылы ойлау қабілеттерін, ой – өрісін, тіл байлығын дамыту, сахналау арқылы кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ойын түрлерімен таныстырып, балаларға жеткізе білу;
- Балаларды ертегілер, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру;
- Қырағылығын, зеректілігін, ептілігін арттырып, сезімталдыққа достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Ойын түрлерімен таныса отырып, балалар ертегіні сахналай біледі;
- Қойылымды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыланады;
- Балалардың қырағылығы, зеректілігі, ептілігі артып, сезімталдыққа достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелейміз.

Балалар ертегімен танысып, ойында қолданылатын заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қиснетін, атауын ажырата білу керек. Бір-біріне кедергі жасамай, ойын ережесін бұзбау керек. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу. Ойын ойнау арқылы есте сақтау қабілеттерінің артуы, әр түрлі дыбыстарды ажырата білуі, сөздік қорының молшығы, ойындарды шыншандықпен ойнауы, ең негізгісі- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуі нгеруі тиіс. Бағдарлама аптасына 2-рет, 72 сағат болып негізделген, 2 жылға құрылған.

Пелла

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны
		2
1	Кел, танысайық!	2
2	Ақтер деген кім?	2
3	«Гүлдер таласы» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
4	«Сақина салу» ойыны.	2
5	«Жабайы алма» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
6	«Орын тарт» ойыны.	2
7	«Екі қаз, бір бақа» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
8	«Тақия тастамақ» ойыны.	2
9	«Нан қайлап шығала?» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
10	«Торғай мен түлкі» ертегісімен таныстыру.	2
11	«Торғай мен түлкі» конус театры.	2
12	«Котермек» ойыны.	2
13	«Танқыр қоян» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
14	«Хан талапай» ойыны.	2
15	«Түлкі мен ешкі» ертегісімен таныстыру және конус театры.	2
16	«Қасқыр қақпан» ойыны.	2
17	«Төлдер айтысы» ертегісімен таныстыру.	2
18	«Төлдер айтысы» ертегісін сахналау.	2
19	«Түйілген орамал» ойыны.	2
20	«Сымақ» ойыны.	2
21	«Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісімен таныстыру.	2
22	«Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісін сахналау.	2
23	«Кім зейінді?» ойыны.	2
24	«Бір қазан сүт» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
25	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісімен таныстыру.	2
26	«Хан ашы» ойыны.	2
27	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналау.	2
28	«Тенге ілу» ойыны.	2
29	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
30	«Екі лақ» ертегісімен таныстыру және сахналау.	2
31	«Телефон» ойыны.	2
32	«Аласқан құмырсқа» ертегісімен таныстыру.	2
33	«Қуш сынасу» ойыны.	2
34	«Аласқан құмырсқа» ертегісін сахналау.	2
35	«Аққу-қаздар» ойыны.	2
36	Қорытындылау.	2
Барлығы		72 сағат

T. Akhmetov

Тақырыптық жоспар

р/с	Тақырыбы	Бағдарламаның міндеттері	Сағат саны
1	Кел, танысайық!	Қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту, сөз байлығын, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өзіне деген сенімділікті, басқалардың пікірін тыңдай білу, сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айту, диалогты сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	2
2	«Актер деген кім?»	Актер туралы түсінік беру, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, мимика, ым-ишараларды қолданып кейіпкер бейнесін жасауды үйрету, шығармашылыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	2
3	«Гүлдер таласы» ертегісімен таныстыру және сахналау.	Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілетін, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Ертегіні таныстыра отырып балаларды достыққа, ұйымшылдыққа, табиғатқа, гүлдерге сүйіспеншілікпен қарауға оларды қамқорлауға тәрбиелеу. Ертегідегі кейіпкердің іс-әрекетін түсінуге баулу. Оқиға жетісін бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауға деген құштарлығын арттыру. Балалардың театрлық ойындар өнеріне қатысуға қызығушылығын арттыру, әдептілікке тәрбиелеу.	2
4	«Сәкина салу» ойыны.	Ойын барысында бір-біріне келергі жасамау, ұсталған ойыншы сәкинаны қарсыласына беруге үйрету. Балалардың шапшаңдық, ептілік, тапқырлық және ойлай білу қабілетін дамыту. Өзара татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	2
5	«Жабайы алма» ертегісімен таныстыру және сахналау.	Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру; баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке-дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өлін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.	2

Теллер

		достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	
6	«Орнын тап» ойыны.	Ойын барысында жүгіре білуге үйрету. Қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүгіре білулерін дамыту. Қалған балалар қолдарынан ұстап шеңбер құрып тұрады. Жылдамдыққа, ойын шартын сақтай білуге тәрбиелеу.	2
7	«Екі қаз, бір бақа» ертегісімен таныстыру және сахналу.	Ертегі мазмұнын ықпалмен тыңдауға баулу. Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау, сөздік қорларын молайту. Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерліктерін қалыптастыру. Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	2
8	«Тақия тастамақ» ойыны.	Жеребе тастау арқылы ойынды бастай білуге үйрету. Балалардың шапшаңдық, күштілік, ойлай біту қабілеттерін дамыту. Ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу.	2
9	«Нан қайдан шығады?» ертегісімен таныстыру және сахналу.	Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсағанын түсіндіре келе, адамдардың еңбегін құрметтеуге, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу. Ертегінің мазмұнын, кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұғынуға үйрету. Оқиға желісін бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауға деген құштарлығын арттыру. Әр бала өзіне берілген ролді дұрыс ойнауға және әндерін нақышына келтіріп айтуға үйрету.	2
10	«Торғай мен түлкі» ертегісімен таныстыру.	Балаларды көркем шығармамен таныстыру, ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Ертегідегі кейіпкердің іс-әрекетін түсінуге және түлкінің жағымсыз іс-әрекетінің дұрыс еместігіне балалардың көздерін жеткізу. Тілі, ойын, есте сақтау қабілетін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	2
11	«Торғай мен түлкі» конус театры.	Балаларға ертегі кейіпкерінің дауыс екпінін, ырғағын, қимыл-қозғалысын сала білуге үйрету. Қарым қатынас жасау дағдыларын дамыту. Ертегі мағынасын түсіну, жағымды және жағымсыз әрекеттерді сезіне білуге, шындыққа, әділеттілікке достыққа еңбекті бағалай білуге, сүйке тәрбиелеу.	2
12	«Көтерме» ойыны.	Ойын барысында байқампаздыққа, ережені сақтай білуге үйрету. Балаларды өзара сыйластыққа, ептілікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	2
13	«Тапқыр	Балаларға ертегі мазмұнын тыңдауға және	2

T. Akhmed

	қожы ертегісімен таныстыру және сахналау.	түсінуге, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің, оқиғалардың әрекетіне талдау жасау. «Ғалпыр қоян» ертегісінің мазмұны туралы балалардың білімін бекіту. Ертегідегі қоянның тапқырлығына балалардың назарын аудару. Пілін, ойын, қиялын дамыту. Кішіпейілдікке, сыйдастыққа тәрбиелеу.	
14	«Хан талапай»	Асықтың түсуіне қарай (алшы, тәйкі, бук, шік) атып алуға үйрету. Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, далдікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Топта жұмыс істей білуін қалыптастыру. Ойынға қызығушылығын арттыру, қиын-қозғалысын дамыту. Ойын шартын бұзбай ойнауға тәрбиелеу.	2
15	«Түлкі мен ешкі» ертегісімен таныстыру және конус театры.	Балаларды ертегінің мазмұны мен ертегі кейіпкерлерінің аяп құбылысын сезінуге сұрақтарға жауап беруге үйрету, білімдерін кеңейту. Ертегідегі түлкінің қулығына алданған ешкінің іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Достыққа мейрімділікке, бір-бірін алдамауға тәрбиелеу. Балалардың театрлық ойындар өнеріне қатысуға қызығушылығын арттыру, әдептілікке тәрбиелеу.	2
16	«Қасқыр қақпан» ойыны.	Белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жылдамдық байқампаздық дағдыларын дамыту. Ойынға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2
17	«Төлдер айтысы» ертегісімен таныстыру.	Үй жануарларының адамзатқа тигізетін пайдасы туралы, олардан алынатын өнімдер жайлы мағұлмат беру. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету. Үй жануарларын қорғауға, оларға қамқорлық жасауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	2
18	«Төлдер айтысы» ертегісін сахналау.	Қазақ ертегісінің мазмұнын түсіне білу, рөлдерге бөліп ойнату арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру, тілдік, дыбыстық мәдениетін жетілдіру, диалог сөздерді орындауға үйрету. Рөлдерге бөліп ойнау іскерліктерін дамыту. Қамқорлық қасиеттерін қалыптастыру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.	2
19	«Түйілген орамал»	Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну,	2

А. Мамбет

		есте сақтау жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Ұйымшылдықта, сыйластыққа тәрбиелеу.	
20	«Қимаш» ойыны.	Ойын барысында көздері байлаулы жіптегі заттарды дұрыс бағдарлау арқылы қиып алуға үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Сабырлыққа, зеректікке тәрбиелеу.	2
21	«Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісімен таныстыру.	Балалардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын, ауыз екі сөйлеуін дамыту. Ертегілермен таныстыру, сұраққа толық жауап бере білу жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Ертегіні мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіре отырып сөйлеу, баланың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Тілін, қиялын дамыту. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	2
22	«Қасқыр, түлкі және әтеш» ертегісін сахналау.	Балаларға ертегі кейіпкерінің дауыс екпінін, ырғағын, қимыл-қозғалысын сала білуге үйрету. Қарым қатынас жасау дағдыларын дамыту. Сахналау ойынында мәдениеттілікке тәрбиелеу.	2
23	«Кім зейінді?» ойыны.	Балалардың сөздік қорын молайту, қабылдауын, ойлауын, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.	2
24	«Бір қазан сүт» ертегісі мен таныстыру (сахналау)	Ертегі кейіпкерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, балалардың дауыс интонациясын қадағалау, сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды қалыптастыру, ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.	2
25	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісімен таныстыру.	Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу.	2
26	«Хан алшы» Ойыны.	Балаларды қазақ халқының ұлттық ойыны «Хан алшы» ойынымен таныстыру. Балалардың асық атаулары туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойын барысында ептілікке, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	2
27	«Жыл басына	Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, диалог сөздерді мәніне келтіре айта білуге,	2

Теллен

	ташқан хайуанаттар» сахналау.	байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу.	
28	«Теңге ілу» ойыны.	Қазақ халқының ұлттық ойыны теңге ілу ойынымен таныстыру. Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір-біріне деген сыйластығын, достық қарым-қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт-дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір-біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.	2
29	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісімен таныстыру және сахналау.	Балаларды ертегіні түсініп, мазмұнын мәнерлі айтуға, сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Ертегінің мазмұнын, кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұғынуға үйрету. Ертегіні сахналау арқылы тілдерін дамыту. Табиғатты сүйуге, аялауға, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Ертегі желісі арқылы адамгершілікке, мейірімділікке баулу. Әдептілікке, достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.	2
30	«Екі лая» ертегісімен таныстыру және сахналау.	Ертегі көрініс арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу. Рөлдеріне еніп, оны іскерлікпен, үлкен шығармашылықпен орындауға тәрбиелеу; көркем сөздерді мәнерлен орындауға бағыттау, жануарларға деген сүйіспеншілігін, қамқорлық сезімін қалыптастыру. Ертегіге деген қызығушылығын арттыру, өзін - өзі еркін ұстауын қалыптастыру. Қиындық туындаған кезде достық көмектің қажет екенін түсіндіру.	2
31	«Телефон» ойыны.	Ойын ережесін түсінуге үйрету. Ойын барысында балалардың зеректігін, юморын, ойын жетілдіру. Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.	2
32	«Адасқан құмырсқа» ертегісімен таныстыру.	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасау. Құмырсқаның еңбекқорлығын атап өту. Ертегі желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. Балаларды достыққа, бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.	2
33	«Күш сынасу» ойыны.	Балаларға ойын шартын түсіндіру. Балаларды қырағылыққа, шапшаңдыққа, мықтылыққа тәрбиелей отырып, ойынға қызығушылығын арттыру. Бір-бірін татулыққа тәрбиелеу.	2

Т. Шайқас

34	«Адасқан құмырсқа» еретегісін сахналау.	Таныс сюжеттер бойынша ертегіні драмалау, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Балалардың театрлық ойындар өнеріне қатысуға қызығушылығын арттыру, әдептілікке тәрбиелеу.	2
35	«Аққу-қаздар» ойыны.	Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың дене қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	2
36	Қорытынды лау.	Театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту; сөздік қорларын байыту, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	2
Барлығы:			72 сағат

Қолданылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбішева А. «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері» Алматы: «Алматы кітап», 2002ж.
2. Ахметова Ұ.С., Құлпейісова К.К. ДРАМА: Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ортаңғы топ (4-5 жас) педагогтеріне арналған. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2017 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Рыуан» 1991ж.

Қосымша әдебиеттер:

4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы» - Орынбор, 1879 ж
5. «Бала мен балабақша» №5 2008ж. Республикалық педагогикалық журналы
6. Әлімбаев М., Баянбаев К. «Шыпышақ» Алматы: «Балауса» 1992 ж.
7. Қалнев С. «Қайсысы күшті?» Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар. А., «Раритет», 2008 ж.
8. Әділханова Н.А. «Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындарды пайдалану» 2009 ж
9. Абдраманова Г. «Ойын – бала өмірінің ажырамас бөлігі» Алматы: «Алматы кітап», 2012ж.
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасына хрестоматия. Астана – 2016ж
11. Оспанова Р.Г. «Ойнайық та, ойлайық» «Арман», 2010 ж.
12. Әлімбаев М. «Аспандығы әніне» 1982ж, «Ақсерек пен көксерек», «Бал дәурен, шіркін балалық»
13. Өзін-өзі тану. Әдістемелік құрал. «Балабақша тәрбиешілеріне арналған хрестоматия». «Бәбею», Алматы, 2010.
14. «Қарлығаш» хрестоматиясы. Нүсіпбекова М.И., Сейілғазынова С.А. «Арман», 2007.